

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ПРЕЗЕНТАЦИЯ

(Оқу материалы)

I тоқсан квартал 2023 жыл

«Хабар» Агенттігі» АҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықтан толық бас тарту қағидатын ұстанады

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН КӨРІНІСТЕРІНЕ НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК!

**НЕЗНАНИЕ
ЗАКОНА**

не
освобождает от
ответственности

Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы (бұдан әрі – Заң) қолданылады

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен талаптарды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу, тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі





АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ
И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ

ВНИМАНИЕ, ПОМНИ!



**ДАЧА ВЗЯТКИ
ЛИШАЕТ СВОБОДЫ И БУДУЩЕГО**

В КАЗАХСТАНЕ В 2016 ГОДУ ЗА ДАЧУ ВЗЯТКИ ОСУЖДЕНО БОЛЕЕ 100 ЧЕЛОВЕК.

УГОЛОВНЫЙ КОДЕКС ПРЕДУСМАТРИВАЕТ НАКАЗАНИЕ ЗА ДАЧУ ВЗЯТКИ
СРОК ДО 15 ЛЕТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ С КОНФИСКАЦИЕЙ ИМУЩЕСТВА.

ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ:

CALL - CENTER  1424

«Хабар» Агенттігі» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты сыбайлас жемқорлықты тудыруы мүмкін себептер мен талаптарды жою болып табылады.

«Хабар» Агенттігі» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, жолын кесу және олардың салдарын азайту немесе жою жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады, оның ішінде:

- 1) атқаратын лауазымына қарамастан Қоғам қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту;
- 2) Қоғам қызметкерлерінде және өзге де тұлғаларда сыбайлас жемқорлықты оның барлық нысандары мен көріністерінде қабылдамау туралы Қоғам саясатын біркелкі түсінуді қалыптастыру;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету;
- 4) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық тетікті құру.

Комплаенс - менеджер



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында негізгі міндеті «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қажеттілік туралы талап көзделген (16-баптың 3-тармағы).

«Хабар» Агенттігі» АҚ ұйымдық құрылымда Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 қарашадағы шешімімен (№3 хаттама) Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын Комплаенс-менеджер үшін 1 (бір) бірлікті көздеді.

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша «Хабар» Агенттігі» АҚ комплаенс-менеджері болып - Ардақ Бодеевна Жақсыбекова тағайындалды (2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 7 хаттама).



БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қайшы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

ISO 37001: 2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ішкі НҚА әзірленді және бекітілді. БАРЛЫҒЫНАН ТАНЫСУДЫ СҰРАЙМЫН!

«Хабар» Агенттігі» АҚ нормативтік актілері (папка)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау нұсқаулығы

Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделері қақтығысының алдын алу және реттеу саясаты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің басшылығы тарапынан талдау жүргізу қағидалары

Сыбайлас жемқорлық оқиғаларына қызметтік тексеру жүргізу қағидалары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің сәйкессіздіктерін басқару қағидалары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша нұсқаулық

Қызметкерлерге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудиттерін ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

**«Хабар» Агенттігі» АҚ 2022 жылғы 01 желтоқсандағы (№ АВМС - 0654/А)
«CERT International» сертификаттау жөніндегі орган берген ISO 37001: 2016
стандартының талаптарына сәйкестік сертификатын алды**



Тексеруге арналған Q коды

Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу

Әрбір қызметкер «Хабар» Агенттігі» АҚ Еңбек шартының №3 қосымшасына сәйкес Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделері қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі саясатпен танысуға және оны сақтауға міндетті.

Саясаттың мақсаты бейтараптық, адалдық және Қоғам мүдделерін қорғау қағидаттары негізінде лауазымдық (еңбек) міндеттерін орындау барысында Қоғам қызметкерлерінде туындайтын мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу тәртібін белгілеу болып табылады.

БАРЛЫҒЫНАН ТАНЫСУДЫ СҰРАЙМЫН!

Сайтқа сілтеме: \\sql\Нормативтік актілер\ Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары\ІНҚ



**Жақын туыстары – ата-аналары (ата-аналары), балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.*

Назарларыңызға рахмет!